

*Түркістан облысы, Арыс қаласы, Байырқум ауылдық округі*

*ЖШС «Самұрық» балалар бақшасы*

02-16

*Педагогикалық кеңес хаттамалары*

Бекітемін:  
«Самұрық» балалар бақшасы ЖШС  
менгерушісі: *Г. Саухимова*



## 2024-2025 оқу жылының педагогикалық кеңес жоспары


### Педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу

**Мақсаты:** Тәрбие-оқыту процессінің деңгейін көтеру үшін ұжымның жұмысын белсендету, практикада педагогикалық ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибені қолдану, балаларды сауықтыру, тәрбиелеу, оқыту және дамытуда педагогтардың жаңа пікірлерімен толықтыру.

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
I	<p><b>№1 педагогикалық кеңес тақырыбы:</b> «Жаңа оқу жылындағы «Самұрық» балалар бақшасының қызметінің негізгі бағыттары, балалардың эмоционалды әл-ауқатын жақсарту үшін ортаны модельдеу»</p> <p><b>Мақсаты:</b> «2024-2026 жаңа оқу жылында тәрбиелеу мен оқыту жұмысын ұйымдастыру, жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту, 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік хатпен таныстыру. Жаңа оқу жылына серпін беру.»</p> <p><b>Күн тәртібіндегі мәселелер:</b> 1. Күн тәртібімен таныстыру 2. Жазғы сауықтыру-шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорытындылау. 3. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту: – жылдық мақсат пен міндеттері; – оқу жоспарын бекіту; – ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі; – перспективалық жұмыс жоспарлары; – таңғы жаттығулар кестесі; – күн тәртібі кестесін бекіту; – тәлімгерлік жұмыс; 4. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту, комиссияның құрамын сайлау. 5. Коучинг «Мен 2024-2025 оқу жылы» 6. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту.</p>	тамыз	Менгеруші, Әдіскер, педагогтер
II	<p><b>№2 педагогикалық кеңес тақырыбы:</b> «Бала денсаулығын сақтаймыз және нығайтамыз.»</p> <p><b>Мақсаты:</b></p>	қараша	Менгеруші, Әдіскер, педагогтер

	<p>Қауіпсіздік ережелеріне сүйене отырып, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, шынықтыру іс-шараларын ұйымдастыру.</p> <p>1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.</p> <p>2. «Самұрық» балалар бақшасында «Балалардың дене бітімінің жан жақты дамуына жағдайлар туғызу» тақырыбында баяндама медбике Ф.Өмірзақ</p> <p>3. «Баланың денсаулығы бүгінгі таңда»- педагогикалық пікір талас</p> <p>4. «Балалар дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ойынның атқаратын ролі». Әр түрлі мәселелер</p>		
III	<p>№3 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту және логикалық ойлау қабілеттерін арттыру»</p> <p>Мақсаты: Педагогикалық ұжымның осы бағыттағы жұмыстарының жетістіктері мен кемшіліктерін түзету жолдарын белгілеу.</p> <p>1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу есебі</p> <p>2. 2024-2025 оқу жылындағы балалардың қантар айындағы білім деңгейлерінің сараптамасы.</p> <p>Әдіскер: Ж.Ескараева</p> <p>3. Баяндама : «Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар»</p> <p>Тәрбиеші: А.Батырхан</p> <p>4. Іс-тәжірибе : «Ойнап жүріп ойлайық»</p> <p>Тәрбиеші: М.Бозаева</p> <p>5. «Ертегі сыр шертеді» шеберлік сағат.</p> <p>Тәрбиеші: А.Әдепхан</p> <p>6. Әр түрлі мәселелер</p> <p>Педагогикалық кеңестің шешім жобасын қабылдау және бекіту.</p>	қантар	Менгеруші, Әдіскер, педагогтер
IV	<p>№4 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Балабақшадағы іс-әрекет процесі».</p> <p>Мақсаты: Педагогикалық ұжымның жұмыстарының жетістіктері мен кемшіліктерін түзету жолдарын белгілеу.</p> <p>1. №3 педкеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы</p> <p>2. Баяндама: «Инновациялық технология арқылы балалардың шығармашылық-танымдық қабілеттерін дамыту».</p> <p>Әдіскер: М.Бозаева</p>	наурыз	Менгеруші, Әдіскер, педагогтер

	<p>3. Тренинг. Максаты: тәрбиеленушілерден қазіргі заманғы отбасы туралы нақты жағдайларға идеалды көзқарастарды талдау, тәжірибесін басқаларға өнеге ету, біліктілін жетілдіру.</p> <p>4. «Иновациялық әдіс-тәсілдер» шеберлік сағат. Тәрбиеші: П.Жуписова</p> <p>5. Балабақшадағы жас педагог мамандарынан іс-тәжірибе Тәрбиеші: М.Ахметова</p> <p>6. Әр түрлі мәселелер Педагогикалық кеңестің шешім жобасын қабылдау және бекіту.</p>		
V	<p><b>№5 педагогикалық кеңес тақырыбы:</b> «2024-2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының мақсат-міндетін анықтау»</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <b>№3 педкеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы</b></li> <li>2. «Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі, өткен оқу жылының есебі».</li> <li>3. 2024-2025 оқу жылында аттестациялау өтетін педагогтардың тізімін қарастыру және бекіту.</li> <li>4. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, бекіту.</li> <li>5. Ағымдағы мәселелер</li> </ol>	мамыр	Меңгеруші, Әдіскер, педагогтер

Орындаған әдіскер:  Ж.Ескараева

## ЖШС «Самұрық» балалар бақшасы

### №1 педагогикалық кеңестің күн тәртібі

**Тақырыбы** «Жаңа оқу жылындағы «Самұрық» балалар бақшасының қызметінің негізгі бағыттары, балалардың эмоционалды әл-ауқатын жақсарту үшін ортаны модельдеу».

**Мақсаты:** 2024-2025 жаңа оқу жылында тәрбиелеу-оқыту жұмысын ұйымдастыру, жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту.

2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру. Жаңа оқу жылына серпін беру.

**Өткізген күні:** 29 тамыз 2024 жыл

**Қатысқан:** 7 педагог

**Қатыспаған:** жоқ

**Педкеңес төрайымы:** Саухимова. Г

**Әдіскер:** Ескараева.Ж

### Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. ЖШС «Самұрық» балалар бақшасының меңгерушісі Саухимова. Г.Л алғыс сөзімен бастады. Жаңа оқу жылының басталуымен құттықтау. Күн тәртібімен таныстыру

2. Жазғы сауықтыру - шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорытындылау.

3. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту:

- жылдық мақсат пен міндеттерді;
- оқу жоспарларын бекіту;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі;
- перспективалық жұмыс жоспарлары;
- таңғы жаттығу кестесі;
- күн тәртібі кестесін бекіту
- тәлімгерлік жұмыс;

4. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту, комиссияның құрамын сайлау.

5. Коучинг «Мен 2024-2025 оқу жылы»

6. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту.

### Тыңдалды:

2024-2025 оқу жылының №1 педкеңесі дәстүрден тыс тәсілде өтті. Бірінші мәселе бойынша «Самұрық» балалар бақшасының меңгерушісі Саухимова Гаухар Лесовна сөз алды. Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына толағай табыстар тіледі.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Ескараева Жадыра Мусилимовна педагогтарға топқа бөлінуді сұрады. Бірінші топ: жазғы сауықтыру кезеңіне талқылау жасады, екінші топ: менің жазғы демалысым, үшінші топ: «Балабақша– мейірім мекенім» тақырыбына интеллект карта жасауды сұрады. жазғы сауықтыру-шынықтыру кезеңіне қорытынды жасалды, жазғы демалыс кезеңі талқыланды және «Самұрық» балалар бақшасының мейірім мекені болуы үшін балаларға эмоционалды қолайлы

болуы үшін балаларға эмоционалды қолайлы орта ұйымдастырудың қажеттілігі талқыланды.

Үшінші мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары бекітілді. 2024-2025 оқу жылы шыққан әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстырды. Жаңа оқу жылындағы өзгерістермен таныстырып өтті. Педагогтардың сұрақтарына жауап берді. Барлық топтарға ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі, перспективалық жұмыс жоспарлары, таңғы жаттығу кестесі, күн тәртібі кестесін бекітіліп, таратылды. Балабақшаның жас мамандарына тәлімгерлер бекітілді. Тәлімгерлік жұмыс бойынша жоспар құрылды.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиеші Жунисова Перизат педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына мотивациялық тренинг өткізді. Барлық педагогтар қызығушылықпен қатынасты. Жаңа оқу жылына әр педагог өзінше серпін алды, тренинг барлық педагогтың көңілінен шықты.

Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту, комиссияның құрамы сайланды. және кәсіподақ төрайымы өзгертілді. Кәсіподақ төрайымы болып тәрбиеші Исмагулова Арайлым бекітілді. Кәсіподақ төрайымының көмекшісі болып Батырхан Акерке тағайындалды.

Бесінші мәселе бойынша әдіскер Есқараева Жадыра коучинг өткізді. Педагогтарға интеллект карталармен жұмыс жасаудың тиімділігін көрсетті.

«Мен 2024-2025 жылы. деп әр педагог жаңа оқу жылына мақсаттарын жазып шықты. Жылдың соңында осы жазылған мақсаттары бойынша қорытынды жасалатын болады деп атап өтті.

Әр түрлі мәселелер бойынша жұмысқа кешікпеулерін және ата-аналар жиналысын өткізу қажеттігін атап өтті. Әрбір іс-әрекеттерде ата-аналармен тығыз байланыста болуларын ескертті. Балалардың тазалығы мен төлемақысын қадағалауды тапсырды.

Педагогикалық кеңестің шешімін қабылданды.

#### **Қаулы:**

1. 11-ші қыркүйекке дейін топтардың жеке іс-қағаздары тапсырылсын.
2. Қыркүйек айының екінші аптасында перспективалық жоспарлар бекітілсін.
3. Топтар көрнекіліктермен жаңартылсын, ҰІӨ-тер дайындықпен жүргізілсін.
4. Топтарда дамытушылық орталықтар жасақталсын.
5. «Самұрық» балалар бақшасында қамқоршылық кеңес құрылсын. Аналар, әкелер, әжелер мектебі жасақталсын.
6. Білім беру-тәрбиелеу процестеріне ата-аналар тартылсын. Ашық есік күндері ұйымдастырылсын

Педкеңес төрайымы:  Саухимова.Г

Хатшы:

 П.Жунисова

**ЖШС «Самұрық» балалар бақшасының  
№2 педагогикалық кеңес хаттамасы**

**№2 педагогикалық кеңес тақырыбы:** «Бала денсаулығын сақтаймыз және нығайтамыз»

**Мақсаты:** қауіпсіздік ережелеріне сүйене отырып, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, шынықтыру іс-шараларын ұйымдастыру

**Өткізген күні:** 22 қараша 2024 жыл

**Қатысқан:** 7 педагог

**Қатыспаған:** 1 педагог

**Педкеңес төрайымы:** Г.Л.Саухимова

**Әдіскер:** Ж.М.Ескараева

1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.
2. «Самұрық» балалар бақшасында балалардың дене бітімінің жан жақты дамуына жағдайлар тудызу»- тақырыбында баяндама Медбике Ф.Өмірзақ
3. «Баланың денсаулығы бүгінгі таңда» - педагогикалық пікірталас
4. «Балалар дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ойынның атқаратын ролі»  
Әр түрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

2024-2025 оқу жылының №2 педкеңесі дәстүрден тыс өтті. Бірінші мәселе бойынша «Самұрық» балалар бақшасындағы меңгерушісі Г.Л.Саухимова сөз алды. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып, жақсы деген баға берді. Топтарды орталықтарға бөлу бойынша бірнеше нұсқаулар берілді.

Екінші мәселе бойынша медбикесі Ф.Өмірзақ «Самұрық» балалар бақшасында балалардың дене бітімінің жан жақты дамуына жағдайлар тудызу»- тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама барысында

бала денсаулығын көтеру барысында балабақшаның негізгі міндеттеріне тоқталды. Дене жаттығуы баланың жан-жақты жетілуіне ықпал етеді. Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылады. Ол мынадай түрлерге бөлінеді. Балабақшаға таңертеңгі келген уақыттан бастап күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, кимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын-сауықтар) өткізуге тиіс.

Үшінші мәселе бойынша «Баланың денсаулығы бүгінгі таңда...» тақырыбында педагогикалық пікірталасты әдіскер Ж.Ескараева өткізді. Баланың денсаулығының бүгінгі күннің өзекті екеніне тоқталып, ХМІНД картасында бала денсаулығының төмендігі мен жақсы екенін екі картаға толтырды.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Исмагулова «Балалар дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ойынның атқаратын ролі» тақырыбында педагогтармен қызықты ойындар ойнады. «Бестемше» ойынын үлкен көлемде топпен ойнаудың қыр-сырын үйретті. Сонымен қатар, шар арқылы дене бітімінің

қалыптасуына байланысты доптармен ойындар ойнатты. Шапшаңдық пен ұқыптылыққа үйретіп қоймай, дене бітімінің шымырлығына алып келетін ойындарды көрсетті. Шеберлік сағатынан соң педагогтар ерекше әсерленді.

Бесінші мәселе бойынша «Самұрық» балалар бақшасының педагогтар арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатындағы тренинг жаттығуларын өткізді. Тренинг барысында педагогтардың бір-біріне деген сенімділік орнады, қарым-қатынас тары нығая түсті. Тренинг өз мақсатына жетті, педагогтар ерекше мотивация алды.

Әр түрлі мәселелер бойынша әдіскер Ж.Есқараева топтарды заттық дамытушы орталықтарға бөліну бойынша кеңестер берілді. Балабақша меңгерушісі Г.Саухимова ішкі тәртіп пен 2024-2025 оқу жылының аудандық семинарына байланысты нұсқаулар берілді. Төлемақыны уақытында төлетіп отыруды тапсырды, тегін тамактанатын балалардың табельдерін қатесіз толтыруды сұрады. Педагогикалық кеңес қорытындыланды, шешім шығарылды.

#### №2 педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Топтарда дамытушы орталықтар толықтырылсын.
2. Жұмысқа уақытында келсін, ішкі тәртіп сақталсын.
3. Бала денсаулығын нығайту үшін жаттығулар жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Бала денсаулығын нығайтуда тәрбиеші, логопед, медбике, әдіскердің жоспары бойынша бірлесе жұмыс атқарсын.

Педкеңес төрайымы:  Г.Саухимова

Хатшы:  П.Жунисова

## ЖШС «Самұрық» балалар бақшасы

### №3 педагогикалық кеңес

**Тақырыбы:** Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту және логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.

**Мақсаты:** педагогикалық ұжымның осы бағыттағы жұмыстарының жетістіктері мен кемшіліктерін түзету жолдарын белгілеу.

**Өткізген күні:** 15 қаңтар 2025 жыл

**Қатысқан:** 7 педагог

**Қатыспаған:** жоқ

**Педкеңес төрайымы:** Г.Л.Саухимова

**Әдіскер:** Ж.Есқараева

### Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.

*Балабақша меңгерушісі: Г.Саухимова*

2. 2024-2025 оқу жылындағы балалардың қаңтар айындағы білім деңгейлерінің сараптамасы *Әдіскер: Ж.Есқараева*

3. Баяндама: «Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар». *Тәрбиеші: А.Батырхан*

4. Іс-тәжірибе: «Ойнай жүріп ойлайық». *Тәрбиеші: М.Бозаева*

5. «Ертегі сыр шертеді» шеберлік сағаты. *Тәрбиеші: А.Әдепхан*

6. Әр түрлі мәселелер

Педагогикалық кеңестің шешім жобасын қабылдау және бекіту.

### Тыңдалды:

2024-2025 оқу жылының №3 педкеңесі дәстүрден тыс өтті. Бірінші күн тәртібінің мәселесі бойынша «Самұрық» балалар бақшасының меңгерушісі Г.Саухимова сөз алды. Алдымен №2 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына сараптап тоқталып, өте жақсы деген баға берді. Топтарды орталықтарға бөлу бойынша педагог қызметкерлермен кеңесе отырып бірнеше нұсқаулар берілді. Орталықтарды ары қарай жандандыруға қызметкерлерге қолқа беруді тапсырды.

Екінші мәселе бойынша «Самұрық» балалар бақшасының әдіскері Ж.Есқараева 2024-2025 оқу жылындағы балалардың қаңтар айындағы білім деңгейлерінің сараптамасына тоқталды. Бастапқы бақылау парағы мен аралық бақылау парақтары бойынша есеп берді. Балалардың білім көрсеткіштері пайыздық мөлшермен көрсетілді. Балалардың білім сапасын арттыруға жұмыстар жасалу қажеттілігі ескертілді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Батырхан «Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар» тақырыбында ойындар көрсетті. «Логика қайда?» логикаға арналған интеллектуалдық ойын өткізді. Педагогтарды екі топқа бөліп педагогтардың ойлау қабілеттерін шыңдады. Одан соң ертегіні сахналау бойынша «Аю мен маса» ертегісін атрибуттарды қолдану арқылы ертегіні сахналап шықты. Педагогтарға өзара рөл бөлініп,

рольге сәйкес ертігін сомдады. Қорыта айтқанда, балаларды көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалды ойындар арқылы дамытудың маңызын атап өтті.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиеші М.Бозаева «Ойнай жүріп ойлайық» тақырыбында іс-тәжірибе жүргізді. Педагогтарды бір сызққа тұрғызып «Ия-жоқ» ойынын ойнатты. Ойын барысында сыни ойлау, тез шешім қабылдау дағдылары қалыптасты. Бірінші ойында жеңіске жеткен алты педагог нейро-жаттығулармен жаттығып, «Крестики-нолики» ойынын ойнады. Жеңген педагогтармен «Түстерді ажырат» ойынын ойнады. Соңында қалған педагогтар медальдармен марапатталды. Ойнау арқылы көптеген дағдылардың қалыптасатынына педагогтардың көзі жетіп, қызығышылықтары артты.

Бесінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Әденхан «Ертегі сыр шертеді» шеберлік сағатын өткізді. Көленке театры арқы балаларға ертегі сомдатудың маңыздылығын атап өтті. «Аю мен қояндар» ертегісін педагогтар рөлге бөліп көленке театрында сомдап шықты. Шеберлік сағатынан соң педагогтар ерекше әсерленді.

Әр түрлі мәселелер бойынша әдіскер Ж.Ескараева топтардың ішкі безендірілуі мен орталықтарға бөлінуге байланысты баға берілді. Топтардың айлық жұмыстары бойынша есептерді уақытында тапсырып, өткізіп отыруды ескертті. «Самұрық» балалар бақшасының меңгерушісі Г.Саухимова ішкі тәртіп пен 2024-2025 оқу жылының аудандық әдістемелік жоспарға сай байланысты нұсқаулар берілді. Төлеманы уақытында алып отыруды тапсырды, балабақшадағы ата анамен тығыз байланыста болуын тапсырды. Педагогикалық кеңес қорытындыланды, шешім шығарылды.

### №3 педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Топтардағы дамытушы орталықтар жандандырылсын.
2. Білім деңгейінің сапасын көтеруге жұмыстар нақтылансын.
3. Іс-тәжірибелер мен шеберлік сағаттар үнемі өткізіліп отырсын.
4. Педагогтардың этика-эстетикалық талғамдарын жақсарту, әріптестер арасында субординация сақталсын.

Недкенес төрайымы:  Г.Л.Саухимова

Хатшы:  П.Жунисова

**ЖШС «Самұрық» балалар бақшасы  
№4 педагогикалық кеңес хаттамасы**

**Тақырыбы:** «Балабақшадағы іс-әрекет процесі»

**Мақсаты:** педагогикалық ұжымның жұмыстарының жетістіктері мен кемшіліктерін түзету жолдарын белгілеу.

**Өткізген күні:** 27 наурыз 2025 жыл

**Барлығы:** 7 педагог

**Қатысқан:** 4 педагог

**Қатыспаған:** 3 педагог

**Педкеңес төрайымы:** Г.Л.Саухимова

**Әдіскер:** Ж.Ескараева

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1. №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.

*Балабақша меңгерушісі: Г.Саухимова*

2. Баяндама: «Инновациялық технология арқылы балалардың шығармашылық- танымдық қабілеттерін дамыту» *Тәрбиеші: М.Бозаева*

3. Тренинг. Мақсаты: тәрбиеленушілерден қазіргі заманғы отбасы туралы нақты жағдайларға идеалды көзқарастарды талдау, тәжірибесін басқаларға өнеге ету, біліктілігін жетілдіру.

4. «Инновациялық әдіс-тәсілдер» шеберлік сағаты. Тәрбиеші П.Жунисова

5. Балабақшадағы жас педагог мамандарынан іс-тәжірибе.

*Тәрбиеші: Ахметова. М*

6. Әр түрлі мәселелер

Педагогикалық кеңестің шешім жобасын қабылдау және бекіту.

2024-2025 оқу жылының №3 педкеңесі дәстүрден тыс өтті. Бірінші мәселе бойынша меңгерушісі Г.Саухимова сөз алды. №3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып, жақсы деген баға берді. Педагогтар арасындағы әріптестің қарым-қатынас бойынша ескертпелер туралы айтылды. Топтарды орталықтарға бөлу бойынша бірнеше нұсқаулар берілді. Орталықтарды ары қарай жандандыра беруді тапсырды.

Екінші мәселе бойынша «Инновациялық технология арқылы балалардың шығармашылық- танымдық қабілеттерін дамыту» тақырыбында М.Бозаева баяндама оқу тиіс еді, дайын болмағандықтан №5 педкеңеске қалдырылды.

Үшінші мәселе бойынша балабақша педагог-психологы «Бақытты отбасы» тренинг өткізді. Мақсаты: тәрбиеленушілерден қазіргі заманғы отбасы туралы нақты жағдайларға идеалды көзқарастарды талдау, тәжірибесін басқаларға өнеге ету, біліктілігін жетілдіру. Жас ата-аналарға нұсқау берудегі тәрбиешілердің ұстануы тиіс бірнеше ережелермен таныстырды. «Бақытты болудың» және «Бақытты отбасы» құрудың критерийлері талқыланды.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Батрхан «Инновациялық әдіс-тәсілдер» шеберлік сағатын өткізді. ересек және ортаңғы топ балаларына арналған ойын түрлерімен таныстырды, жылжымалы түрде жасалынған ойын түрлерін таныстырды. Әріптестері сұрақтарын қойып, шеберлік сағаты өте жақсы көрсетілді.Бесінші мәселе бойынша жас тәрбиеші А.Батырхан

«Балабақшадағы жас педагог мамандарынан іс-тәжірибе» көрсетті. Іс-тәжірибе барысында ұлттық құндылықтарды негізге алып, «Қазан асық ойыны» таныстырылды. «Өріктер мен текше» жана ойыны таныстырылып, педагогтар ойынның ойналу ережесімен танысты. Өріптестерінің сұрақтарына жауап беріп, әр педагог өзіне қажетті идеялар алды.

Әр түрлі мәселелер бойынша әдіскер Ж.Ескараева топтардың ішкі безендірілуі мен орталықтарға бөлінуге байланысты баға берілді. Топтардың айлық жұмыстары бойынша есептерді уақытында тапсырып, өткізіп отыруды ескертті. Қалалық балабақшаларда «Білім бөлімінің» жоспарына сәйкес семинар, шебер-сынып өткізілетінін мәлімдеп әдіс тісіл алмасуды ықпалдандырды. Балабақша менгерушісі Г.Саухимова ішкі тәртіп пен 2024-2025 оқу жылының аудандық жоспарларына байланысты нұсқаулар берілді. Төлемақыны уақытында төлетіп отыруды тапсырды, педагогтар арасындағы әріптестік қарым-қатынастарды нығайтуға тапсырды. Бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнатуды сұрады. Педагогикалық кеңес қорытындыланды, шешім шығарылды.

#### **№4 педагогикалық кеңестің шешімі:**

1. Тапсырылмаған тапсырмалар мен циклограмма жазылмағаны үшін әдіскерден түсінік хат басшыға түскен жағдайда еңбек ақысынан шегерілсін.
2. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерге дамытушы құралдармен жабдыкталсын.
3. Топтар мен залдар безендірілсін, дамытушы орталықтар толықтырылсын.
4. Өріптестер арасында өзара тілтабысулық, бірлік болсын. Ұжым тәртібіне бағынышты болсын, Келесі келеңсіз жағдайда балабақша тәртіп ережесін бұзса басшы тарапынан ескерту жазылсын.
6. Күн режимі бақылауға алынсын.

Педкеңес төрайымы:  Г.Л.Саухимова

Хатшы:  П.Жунисова

**ЖШС «Самұрық» балалар бақшасы  
№5 педагогикалық кеңес хаттамасы**

29 мамыр 2025 жыл

**Тақырыбы:** «2024-2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының мақсат-міндетін айқындау.

**Күн тәртібі:**

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы
2. «Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі, өткен оқу жылының есебі»
3. 2024-2025 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімін қарастыру және бекіту
4. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, бекіту
5. Ағымдағы мәселелер

**I ТЫҢДАЛДЫ:** №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы

**СӨЙЛЕДІ:** балабақша меңгерушісі Г.Саухимова өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалу барысына тоқталды. Педагогтер мектеп жасына дейінгі балаларда бастама көрсету үшін дамытушы заттық - кеңістіктік ортаны толықтырып отырды. Іс-әрекетті ынталандыруға, "мен бейнесін" арттыруға, мектеп жасына дейінгі балалардың өзін-өзі бағалауына бағытталған сәттілік жағдайларын жеке көрмелер ұйымдастырып, мерекелік шараларды ұйымдастырды. Педагогтер іс-әрекет тәсілдерін, мақсатқа жету жолдарын игеруге бағытталған қажетті мотивацияны құру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың бастамаларын қолдауды жүзеге асырады.

**Қаулы етті:** Өткен педагогикалық кеңес отырысы шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

**II ТЫҢДАЛДЫ:** «Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі, өткен оқу жылының есебі»

**СӨЙЛЕДІ:** тәрбиеші А.Батырхан сөз алды. Оқу жылының соңында тәрбиешілер бағдарламалық технологиялық кешенге сәйкес мектепке дейінгі білім берудің бейімделген білім беру бағдарламасының мазмұнын игерудің жоспарланған нәтижелеріне балалардың қол жеткізуіне мониторинг жүргізді. Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Индикаторлар – білім беру салалары бойынша баланың жасына сәйкес күтілетін нәтижелерге жету көрсеткіштері. Күтілетін нәтижелер баланың әр жас топтарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сүйеніп жасалынды. Баланың күтілетін нәтижелерге жетуі педагогтың баланың дамуын үнемі бақылауы диагностика арқылы іске асырылды. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму

динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылды. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік берді. Оқу жылының басында тәрбиеленушілерден бастапқы диагностика алынды. Балалар қызметінің барлық түрлері бойынша мектепке дейінгі балалардың дамуын талдау топта бағдарламалық материалдың орындалғанын көрсетті.

**Қаулы етті:** қорытынды даму мониторингтің деңгейі қанағаттанарлық.

**III ТЫҢДАЛДЫ:** 2024-2025 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімін қарастыру және бекіту

**СӨЙЛЕДІ:** меңгеруші Г.Саухимова сөз алды. Педагогтарды біліктілік санаттары бойынша аттестаттау Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.04.2024 № 72 бұйрығымен жүргізіледі.

2024-2025 оқу жылында біліктілік санатын алуға өтініш берген 3 педагогтың екеуі Г.Саухимова, Ж.Есқараева ұлттық бірыңғай тестілеуінен өтіп, педагог-модератор біліктілік санатына портфолиоларын Үстаз платформасына жүктеді.

2024-2025 оқу жылында біліктілік санатын алуға 2 педагог ұсынылып отыр,-деп аттестаттаудан өтетін педагогтер тізімін бекітуге ұсынды.

**Қаулы етті:** аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімі бекітілсін.

**IV ТЫҢДАЛДЫ:** Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, бекіту.

**СӨЙЛЕДІ:** Балабақша әдіскері Г.Саухимова жазғы-сауықтыру кезеңіне жоспар құрылды, ауланы қоғалдандыру (жас қошеттер, гүл бақша отырғызу, құмды ауыстыру, көлеңкелі бастырманы және жер телімдегі кішігірім жөндеу жұмыстары, оларды сырлау, ағаштар мен бұтақтарды кесу ) бойынша ұжымның іс-әрекеті басталып, дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Тәрбиешілер өз тобындағы балалардың белсенді қимылдарын жоспарлап, күн тәртібіне сәйкес жұмыстарды ұйымдастырып, ата-аналарға арналған кеңестер әзірлейді, балалармен жұмыс жасау үшін материалдар, көрнекіліктер тандайды, ал тәрбиешінің көмекшісі тәрбиешімен бірге жаз мезгіліндегі іс-шараларды тиімді ұйымдастырып, өткізу үшін көмектеседі.

ауыз сумен камтамасыз етеді, шынықтыруға, ауланы тазалауға, ойыншықтарды жууға арналған құрал-жабдықтарды даярлайды. Музыка жетекшісі жазғы-сауықтыру мезгіліндегі міндеттерді және балалардың таза ауада болуын ескере отырып өз іс-әрекеттерін жоспарлайды. Жаз мезгіліне арналған түрлі музыкалық шығармаларды жинақтайды. Дене шынықтыру нұсқаушысы тәрбиешімен бірге белсенді кимылдарды камтамасыз ету жұмысын, спорттық ойындарға қатыстыруды жоспарлайды. Жаз мезгіліндегі сауықтыру іс-шараларын ұйымдастырады. Медициналық қызметкер жарақаттанудың алдын-алу жұмыстарын жоспарлайды, балалардың өмірін қорғау мен сақтау жұмыстарын жүргізеді, аурудың алдын алады, алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі қорапшасын әзірлейді, балалардың дене дамуын ескере отырып шынықтырудың кешенін құрады, емдеу-профилактикалық шараларды жоспарлайды. Балалардың дене тәрбиесі мен тамақтану, шынығу жұмыстарына бақылау жасап, күн тәртібін бекітеді, сол бойынша жұмыс жасайды, жазғы сауықтыру жұмысымен таныстырып, бөбекжайдың жазғы сауықтыру-шараларының жоспарын бекітуге ұсынды.

**Қаулы етті:** Жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бекітілсін.

**VI ТЫҢДАЛДЫ:** Ағымдағы мәселелер

**СӨЙЛЕДІ:** меңгеруші Г.Саухимова алдағы айларда жүргізілетін жұмыстарға тоқталып өтті. Жаз мезгілінде 3 топ жұмыс жасайтынын, мектепке кететін балаларды 1 маусымнан бастап ата-аналар өтініші негізінде балабақшадан шығарылатынын, қызметкерлер маусым айының 1-нен еңбек демалыстарына кететіндерін, жазғы сауықтыру жұмыстарын жоспарға сай жүргізу туралы айтып өтті.

#### **Педагогикалық кеңес шешімі:**

1. 2024-2025оқу жылының әдістемелік жұмысы қанағаттанарлық.
2. Біліктілікті арттыру тестілеуіне қатысатын педагогтар тізімі бекітілсін.
3. Жазғы сауықтыру шаралары жоспары бекітіліп, жоспарға сай жұмыстар жүргізілсін.

Педкеңес төрайымы



Г.Саухимова

Педкеңес хатшысы



П.Жунисова

